БЕКІТЕМІН _______________

Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицей директоры
Б. Сейдеш

«05» қаңтар 2023 жыл

Педагогикалық кеңесте қаралды
Хаттама № 1

«5» қаңтар 2023 жыл

# АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АТЫНДАҒЫ №76 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫНЫҢ 2023-2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана 2023

# Бағдарлама паспорты

| | |
|---|---|
| Атауы | 2023-2027 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы |
| Әзірлеу үшін негіздеме | **«Білімді ұлт» сапалы білім беру»** ұлттық жобасын бекіту туралы<br>Қазақстан Республикасы үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы<br>Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы |
| Негізгі әзірлеуші | Астана қаласы әкімдігінің "Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны |
| Мақсаттары | Мектеп-лицей миссиясына сәйкес білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, өмірлік дағдыларын қалыптастыру үшін материалдық және материалдық емес ресурстарды жетілдіру. |
| Міндеттері | 1. Сапалы білімге қол жеткізетін тиімді оқыту;<br>2. Мектеп-лицейдің тұрақты дамуына қажетті материалдық-қаржылық ресурстарды қамтамасыз ету.<br>3. Білім алушылардың үйлесімді дамуы үшін эмоционалды-интеллектуалды орта құру;<br>4. Педагогикалық процессті цифрландыру;<br>5. Ата-аналармен, қоғаммен, сыртқы ортамен тиімді коммуникация орнату;<br>6. Ұлттық құндылықтар негізінде жаһандық жаңалықтарға үлес қосатын патриот азаматтар қалыптастыруға бағытталған тәрбие кеңістігін қалыптастыру;<br>7. Педагог қызметкерлердің кәсіби потенциалын арттыру: іс-әрекеттегі зерттеу (AR), коучинг, менторинг, LS, т.б. |
| Күтілетін нәтижелер | • Оқу жетістігі артады (үлгерімі, білім алу деңгейі, білім сапасы);<br>• Эмоционалды-интеллектуалды орта қалыптасады;<br>• Цифрландырылған білім беру желісі құрылады;<br>• Қоршаған ортамен, ата-аналармен үйлесімді байланыс орнайды;<br>• Жүйелі іске асатын іс-әрекеттегі зерттеу, коучинг, менторинг, LS әрекеттері арқылы оқушылардың сыни ойлау, туындап жатқан мәселелерді көру және заманауи технологияларды |

| | |
|---|---|
| | қолдана отырып оларды шешу жолдарын табу іскерлігі қалыптасады. |
| Іске асыру мерзімдері | 2023-2027 жылдар |

## Кіріспе

Даму бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) - бес жылдық кезеңге Астана қаласы әкімдігінің "Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей" ШЖҚ МКК дамытудың жолдары мен негізгі бағыттарын айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады.

Қазақстандық білім жүйесі жаңғыру мен даму кезеңіне белсенді түрде қадам басты. Білім мазмұнын жаңарту, жоғары сыныптарда жаратылыстану ғылымдарын ағылшын тілінде оқыту, жан басына шаққандағы қаржыландыру, критериалды бағалау жүйесінің енгізілуі, білімнің қолданбалылығын қамтамасыз ету жолдары, техникалық шығармашылықты дамыту мектептерде табысты іске асуда. Осындай өзгерістер мен жаңғыру процесі әрбір мектептің жекелей даму траекториясын анықтауды талап етеді. Бағдарлама №76 мектеп-лицейдің 2027 жылға дейінгі даму кезеңдерін, даму бағыттарын және нақты іс-шаралар жүйесін қамтиды.

## Бағдарламаның мақсаты

Мектеп-лицей миссиясына сәйкес білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, өмірлік дағдыларын қалыптастыру үшін материалдық және материалдық емес ресурстарды жетілдіру.

## Бағдарламаның даму кезеңдері

| Жылдар | Іс-шаралар | Орындаушылар |
|---|---|---|
| ***Әр оқушыны жетістікке жеткізуге бағытталған оқу мен оқыту*** | | |
| 2023-2027 ж.ж. | Сабақты және іс-әрекеттегі зерттеуді жалғастыру | ДОІЖО |
| 2022-2025 ж.ж. | «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасын енгізу | ДБОЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | Білім сапасын арттыру:<br>2022-2023 о.ж. – 54%;<br>2023-2024 о.ж. -58%;<br>2024-2025 о.ж. -62%<br>2025-2026 о.ж. -66%;<br>2026-2027 о.ж. -70% | ДОІЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | Цифрлық шығармашылық орталығын ашу (танымдық комп.ойындар, анимациялық бағдарламалар, мобильдік қосымшалар, толықтырылған шынайылық, т.б.) | ДОІЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | PISA нәтижелері бойынша халықаралық зерттеулердегі оқушылар нәтижелерін арттыру PISA-2022 (математика – 62; оқу – 68; жаратылыстану – 59) | ДОІЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту | Психологиялық қызмет |
| 2023-2027 ж.ж. | «Ulylar mekenine saiahat» жобасы | ДТІЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | «Kitapland»жобасын жалғастыру | ДТІЖО, кітапханашы |
| 2023-2027ж.ж. | «Baqytty mektep» жобасын жалғастыру | ДТІЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | «SHARE» жобасы арқылы оқушыға қолайлы ахуал тудыру | ДБОЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | «Әлихан мұрагерлері»: дебат, театр | ДО |
| 2023 жылдан бастап | Бейінді лагерлер ұйымдастыру (бизнес лагерь, лингва-лагерь, STEM лагерь, спорттық лагерь, көшбасшылар мектебі, т.б.) | ДТІЖО |
| 2022-2025 ж.ж. | «Parents club» білім мен тәжірибе алмасу алаңы | ДО, әлеуметтік педагог |

| | | |
|---|---|---|
| 2020-2023 ж.ж. | «Global scolars» халықаралық жобасы | ДБОЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | Қосымша білім беру аясын кеңейту | ДОІЖО |
| ***Материалдық ресурстарды жетілдіру*** | | |
| 2023-2027 ж.ж. | Мектепті жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету | ДШІЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | Интернет желісін, компьютерлік техниканы модернизациялау | Техник-программист |
| 2023-2027 жыл | Заманауи пәндік шеберханалар жабдықтау (физика, биология,математика,информатика) | ДШІЖО |
| 2024-2025ж.ж. | Мектеп ауласында жылыжай ашу | ДШІЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | Оқушылар мен мұғалімдер үшін қолайлы ашық алаңдар жабдықтау | ДШІЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | Кітапхана қорын толықтыру, модернизациялау | Кітапханашы |
| 2025 жыл | Әмбебап танымдық студия жабдықтау | ДТІЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | Ақылы қызмет арқылы қаржылық ресурсты көбейту | Ақылы қызмет менеджері |
| ***Педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту және қолдау*** | | |
| 2023-2027 ж.ж. | Тақырыптық оқыту семинарларын, курстар ұйымдастыру және практикада қолдану:<br>• Мұғалімнің зерттеу әрекеті<br>• Құндылыққа бағытталған білім беру<br>• Ұрпақтар теориясы (x, y, z,w)<br>• Оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыру<br>• LS & AR оқыту<br>• Кәсіби және тұлғалық дамуды коучингтік қолдау | ДБОЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | Кооперация: Әлеуметтік оқыту және өзара тәлімгерлік | ДБОЖО |
| 2024 жыл | «Инновациялық бағдарламалар» лабораториясын құру | ДБОЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | «Педагогикалық workshop» жобасы | ДБОЖО |
| 2023-2025 о.ж. | AR оқыту құралдарын әзірлеу | ДБОЖО |
| 2023-2027 ж.ж. | Мониторинг жүргізу арқылы ынталандыру шараларын қарастыру. | ДБОЖО |
| 2023 жылдан бастап | Педагогтардың оқу мәдениетін қалыптастыру | ДБОЖО |

| | | |
|---|---|---|
| ***Сапалы менеджмент және коллаборация*** | | |
| 2023-2027 ж.ж. | Ғылыми орталықтармен, ЖОО зерттеу институттарымен, консалтингтік компаниялармен серіктестік орнатуды жалғастыру | ДО |
| 2023-2027 ж.ж. | «SHARE» халықаралық жобасын іске асыру | ДБОЖО |
| 2022-2025 ж.ж. | «Parents club» білім мен тәжірибе алмасу алаңы | ДО, әлеуметтік педагог |
| 2023-2027 ж.ж. | Көшбасшылық пен бөлінген көшбасшылықты жетілдіру | ДО |
| 2023-2027 ж.ж. | Зияткерлік ойындар: олимпиадалық резерв, дарынды балалармен жұмыс | ДО |
| 2023-2027 ж.ж. | Тиімді нетворкинг жүргізу: мектеп, мәдени орындар, қоғамдық бірлестіктер, т.б. | ДО |

**Бағдарлама мониторингі**

***<u>Оқушыға бағдарланған сапалы қызмет көрсету</u>***

- 2020-2023жылдар (соңғы үш жыл) аралығында 1369 түлек шықты

| Оқу жылы | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 (үміткер) |
|---|---|---|---|
| НОБ аяқтаған түлектер | 229 | 168 | 141 |
| Үздік куәлік (аттестат) алғандар | 26(11,4%) | 12(7,14%) | 8 |
| ЖОБ аяқтаған түлектер | 140 | 160 | 181 |
| «Алтын белгі» аттестатын алғандар | 5(3,6%) | 2(1,3%) | 1 |
| Үздік аттестат аттестатын алғандар | 5(3,7%) | 5(3,13%) | 8 |

- 2020-2023 жылдар аралығында білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы

| Оқу жылы | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|
| Оқушылар саны | 2848 | 2677 | 2344 |
| Мектепішілік үйірмелермен қамтылуы | 854(30%) | 914 (30%) | 1069 (45,6%) |
| Мектепішілік спорттық секциялармен қамтылуы | 614(22%) | 1014 (34%) | 800 (34,1%) |

| Оқу жылы | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|
| оқушы саны | 2848 | 2677 | 2344 |
| Сынып-комплект | 104 | 104 | 96 |
| Орташа сыйымдылық | 27,4 оқушы. | 25,7 оқушы | 24,4 |
| Мектептен тыс үйірмелермен қамтылуы | 392(14%) | 854 (30%) | 609 (25,8%) |
| Мектептен тыс спорттық секциялармен қамтылуы | 439(16%) | 1500(56%) | 680 (29%) |

- Соңғы үш жыл ішіндегі оқушылардың оқу рейтингтік көрсеткіштері

| Оқу бағдарламалары | 2019-2020 | | | | 2020-2021 | | | | 2021-2022 | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Үздік | екпінді | орташа | қанағаттанарлықсыз | Үздік | екпінді | орташа | қанағаттанарлықсыз | Үздік | екпінді | орташа | қанағаттанарлықсыз |
| 1-4 сынып | 667 | 630 | 136 | 1 | 187 | 438 | 269 | - | 169 | 315 | 207 | - |
| 5-9 сынып | 126 | 676 | 506 | - | 138 | 582 | 632 | - | 126 | 409 | 564 | - |
| 10-11 сынып | 21 | 149 | 109 | - | 13 | 94 | 175 | - | 18 | 123 | 198 | - |
| Барлығы | 814 | 1455 | 751 | 1 | 338 | 1114 | 1076 | - | 313 | 847 | 969 | |
| Білім сапасы | 73% (1-11 сынып) | | | | 49,1% (2-11 сынып) | | | | 60,1% (2-11 сынып) | | | |

- Білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың нәтижелері

| Оқу жылы | 2019-2020 | 2020-2021 | 2021-2022 |
|---|---|---|---|
| ұлттық бірыңғай тестілеу | 99,9 | 73,54 | |
| Аудандық және қалалық олимпиадаларда жүлдегер оқушыларының үлесі | 51% | 43% | 54% |
| Республикалық олимпиадаларда жүлдегер оқушыларының үлесі | - | 21% | 24% |
| Қалалық, республикалық және халықаралық ғылыми жарыстардағы жүлдегер оқушыларының үлесі | 43% | 49% | 25% |
| Елбасы медалінің иегерлері | - | 2 | - |

***<u>Мектеп-лицейдің тұрақты дамуына қажетті материалдық-қаржылық ресурстарды қамтамасыз ету.</u>***

Мектеп-лицей бюджетін жоспарлау Қамқоршылық кеңес мүшелерінің келісімімен іске асады. Бюджеттің игерілуі, өзгерістер енгізу туралы ата-аналарға, педагогтерге тоқсан сайын есеп беріледі. Есеп құжаттары мен ақпараттар мектеп-лицей сайтында және әлеуметтік желідегі парақшаларда сақталған.

- Мемлекеттік бюджет (мың тг)

| Жылдар | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|---|
| Мектеп бюджеті | 858 933 | 961 015 | 1 132 525 |
| Жалақы қоры | 610 337 | 813 783 | 936 745 |
| МТБ жетілдіру | 47 734 | 56 409 | 16 980 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ғимаратты сақтау | 10 500 | 10 500 | 10 500 |
| Коммуналдық төлемдер | 18 434 | 16 838 | 16 000 |
| Кеңсе және шаруашылық тауарлар | 9 065 | 4 765 | 4 000 |
| Біліктілік арттыру | 3 000 | 3 000 | 3 000 |
| Педагогтарды ынталандыру (үнемделген қаражат арқылы сыйақы беруден бөлек) | 7 169 | 7 700 | 11 000 |

- Ақылы қызмет шеңберіндегі бюджет (мың тг)

| Жылдар | 2020 | 2021 | 2022 |
|---|---|---|---|
| Кіріс | 10 023 | 2 417 | 10 245 |
| Жалақы қоры | 8 523 | 1 746 | 6 147 |
| МТБ жетілдіру | - | - | 2 998 |
| Кеңсе және шаруашылық тауарлар | 300 | 671 | 1 100 |

- Жаңа модификациядағы пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілу үлесі:

| | |
|---|---|
| SMART кітапхана | Автоматтандырылған кітапхана қызметі: кіру-шығу турникеті, электронды оқырман картасы, өзіне-өзі қызмет көрсету киоскісі, 24/7 кітап қайтару киоскісі, ұрлыққа қарсы турникет, автоинвентаризация |
| STEM шеберхана | Робототехника, 3D модельдеу және 3D принтинг |
| Әмбебап виртуалды кабинет (физика, химия, биология, экология, информатика) | ZSpace ноутбуктармен жабдықталған: Оқу бағдарламасына сәйкес қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде электронды тренажерлар, виртуалды зертханалар, 3D және VR сабақтар қамтылған. |
| FabLab (көркем еңбек) | «Шеберлік» аймағы (сәндік-қолданбалы өнер), ART аймақ (визуалды өнер), TECH аймақ (дизайн және технология), «Шаңырақ» аймағы (аспаздық өнер және тамақтандыру сервисі), галлерея (шығармашылық жұмыстар көрмесі), workshop (теория, жобалау, талдау) |
| Интеллектум | 272 логикалық ойындармен қамтылған. 3-4 сыныптар оқу жоспарының вариативтік компоненті арқылы «Интеллектум» курсын оқиды.<br>Жеке оқушыларға арналған ойындар – 160 шт, жұппен ойнайтын ойындар – 64<br>Топпен  ойнайтын ойындар – 48 |
| Әлихан Бөкейхан мұражайы | Оқу мен тәрбиенің негізгі орталығы ретінде заманауи үлгіде жабдықталған. QAZAQ радиосының алтын қорындағы жазбалар (Алаш қайраткерлерінің дауыстары, ұрпақтарының естеліктері, ғалымдардың сұхбаттары) QR code арқылы қол жетімді. |
| Физика | 3 кабинеттің біреуі жаңа үлгіде (33 %) |
| Биология | 2 кабинеттің біреуі жаңа үлгіде (50 %) |
| Информатика | 4 кабинет жаңа компьютерлермен жабдықталған |
| Химия | 2 кабинеттің біреуі жаңа үлгіде (50%) |

| | |
|---|---|
| Спорттық тренажерлық зал | Ақылы қызмет бюджетінен жабдықталды |

***<u>Ерекше білім алуға қажеттілігі бар білім алушыларға жағдай жасау</u>***

| Оқу жылы | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|
| Инклюзивтік білім берумен қамтылған, ерекше қажеттілікті талап ететін бала үлесі | 16 | **14** | 13 |
| Инклюзивті сынып | 13 | 14 | 13 |
| Коррекциялық сынып | 1 | 0 | 0 |
| Үйден оқитын оқушылар саны | 3 | 3 | 2 |
| Инклюзивті білім беру бойынша курстан өткен мұғалімдер үлесі | 90% | 90% | 80% |

| Оқу жылы | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|
| білім беру ұйымдарында білім алушыларды спорт секцияларының қызметімен қамту | 414 | 628 | |
| тұрмыс жағдайы нашар отбасынан шыққан балаларды ыстық дәруменді тегін тамақпен қамтамасыз ету | 0 | 112 | 57 |
| балалар ауруларының динамикасы (саны)<br>-көру қабілетінің бұзылуы<br>-ас қорыту жүйесінің аурулары<br>-дене қалпының (осанка) бұзылуы | <br>29<br>17<br>2 | <br>32<br>20<br>15 | |
| оқыту жағдайының санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкестігі | сәйкес | сәйкес | сәйкес |
| мектеп инспекторы | 1 | - | - |
| Құқық бұзушылық бойынша менеджер | - | 1 | 1 |
| Психолог | 2 | 2 | 2,5 |
| Әлеуметтік педагог | 1 | 1 | 1 |
| Дефектолог-логопед | 1 | 1 | 1 |
| турникеттер | 4 | 4 | 4 |
| бейнебақылау камералары | 72 | 72 | 72 |
| мектепішілік бақылауда тұратын оқушылар санының үлесі | 3 | 3 | 0 |
| кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияның есебінде тұратын оқушылар санының үлесі | 0 | 0 | 0 |

***<u>Педагог қызметкерлердің кәсіби потенциалын арттыру</u>***

- ***Білім беру процесін кадрлармен қамтамасыз ету***

| Оқу жылы | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|
| Педагог қызметкерлер саны | 180 | 175 | 171 |
| Педагогикалық өтілдің орташа көрсеткіші | 14 жыл | 9,7 жыл | 10,5 |
| Орташа жас көрсеткіші | 38 жас | 37 жас | 38 |
| 5 жылда 1 рет педагогтардың біліктілік арттыру курсынан өтуі | 180 (100%) | 175 (100%) | 171 |
| ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтардың үлесі | 51 (28%) | 58 (33%) | 68 (38%) |
| деңгейлік бағдарламалар бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтардың үлесі | 51 (28%) | 53 (30%) | 53 (30,9%) |
| Сабақты зерттеу бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтардың үлесі | 51 (28%) | 51 (29%) | 51 (29,8%) |
| Инклюзивті білім беру бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтардың үлесі | 45 (25%) | 45 (25,7%) | 45 (26%) |
| PISA тапсырмалары бойынша курстан өткен педагогтардың үлесі | 3 (1,2%) | 5 (2,8%) | 9 (5,2%) |
| жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытатын педагогтардың үлесі | 11 (5,5%) | 11 (5,5%) | 10 (5,8%) |
| Мектеп тренерлері | 14 (7%) | 14 (8%) | 14 (8,1%) |
| Телесабақ түсіруге қамтылған педагогтар | 3 педагог | - | - |
| ағымдағы жылы білім беру ұйымына жұмыс істеуге келген жас мамандар үлесінің серпіні | 21 (11,6%) | 21 (12%) | 3 (1,7%) |
| жоғары және бірінші санаттағы педагогтардың үлесі | 81 (45%) | 16 (9,1%) | 4 ( 2,3 %) |
| «Шебер-педагог» біліктілігі бар педагогтардың үлесі | 6 (3,3%) | 6 (3,4%) | 7 ( 4 %) |
| «Зерттеуші-педагог» біліктілігі бар педагогтардың үлесі | 39 (21,6%) | 36 (20,5%) | 42 (24,5%) |
| «Сарапшы-педагог» біліктілігі бар педагогтардың үлесі | 26 (14,4%) | 21 (12%) | 24 ( 14 %) |
| «Болашақ» Халықаралық бағдарламасының стипендиаты | 1 | 1 | 1 |
| PhD докторанты | 3 педагог | 3 педагог | 3 педагог |
| Магистр | 34 (18,8%) | 38 (21,7%) | 43 (25,1%) |
| Бірінші деңгейлі басшы | 1 | 1 | 1 |
| Бірінші деңгейлі басшының орынбасары | 2 | 1 | 1 |
| аудандық (қалалық), облыстық, республикалық, халықаралық конференцияларға, семинарларға, форумдарға, көрмелерге, байқауларға, педагогикалық оқуларға қатысушы педагогтардың үлесі | 68 (37,7%) | 65(36%) | 68 (39,7%) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| эксперименттік, зерттеу, қолданбалы жұмыстарға, ғылыми жобаларға, бағдарламаларға, оқу және әдістемелік басылымдарға сараптама жасауға қатысуы | 37 (20,5%) | 42 (24%) | 45 (26,3%) |
| авторлық оқу құралдарының, бағдарламаларының бар болуы | 38 (21,1%) | 42 (24%) | 44 (25,7%) |
| ғылыми әзірлемелерінің, басылымдарының бар болуы | 19 (10,5%) | 19 (10,8%) | 19 (11%) |

- **Озық педагогикалық тәжірибе енгізу:**
  Халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру

✓ Кембридж Университетінің Білім беру факультетімен бірлескен **SHARE** (school hubs for action research of education) халықаралық зерттеу жобасы.
***Мақсаты:*** Іс-әрекетті зерттеу арқылы оқу мен оқытуды жақсарту, педагогикадағы зерттеушілік дағдыларды дамыту.
Халықаралық тренерлер: Коллин МакЛафлин, Кейт Эванс - Кембридж Университетінің Білім беру факультетінің профессорлары
Қазақстандық координатор: Аюбаева Назипа Алтынбековна – PhD доктор, халықаралық зерттеуші
Желілік координатор: Кожахметова Кымбат Бодыковна – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы
Мектепішілік координатор: Алибекова Сандугаш Сарсеновна – химия пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы
Зерттеу сұрағы: Оқушылардың айтылым дағдысын қалай дамытамыз?

| | 2019-2020 | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|---|
| Қамтылған педагог саны | 15 | 40 | 51 | 65 |
| Қамтылған оқушы саны | 52 | 30 | 30 | 75 |
| Мектепішілік workshopтар/вебинарлар саны | 4/2 | 4/12 | 6/12 | 9/0 |
| Желілік workshopтар/вебинарлар саны | 4/2 | 4/3 | 2/4 | 9/0 |
| Халықаралық workshopтар/вебинарлар саны | 4/2 | 2/5 | 1/2 | 1/2 |

✓ 2018-2019 оқу жылынан бастап **Global Scolars** халықаралық жобасы.
***Мақсаты:*** Ғаламдық тақырыптарды зерттеу және ғаламдық мәселелерді шешуге қажетті қабілеттерді үйрету үшін әлем оқушыларын бір-бірімен коллаборациясын қамтамасыз ету.

Өзіндік түсіндіру жұмыстары, жұмыс дәптерлерін ұсына отырып, талқылау, ой бөлісу, басқа мемлекеттермен тәжірибе алмасу, зерттеу жұмыстарын жүзеге асырылды. Берілген тапсырма бойынша жоба дайындап, басқа мемлекеттердің оқушыларына бейнепрезентация жасалды. Оқушылар Барселона, Лондон қалаларымен байланысқа шығып, оқушылар тікелей балалармен танысып, өз ойларымен бөлісіп диалог жүргізді.

| | 2018-2019 | 2019-2020 | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| Қамтылған педагог саны | 2 | 3 | 2 | 2 | 2 |
| Қамтылған оқушы саны | 15 | 18 | 35 | 60 | 60 |
| Таңдалған өзекті тақырыптар | World of Water | Nature and Our Cities | Resourceful Cities | Cultures of theWorld | World of Water |

***Басқарудың тиімділігін арттыру***

Мектеп-лицейдің қамқоршылық кеңесінің құрамында 9 мүше бар. Олардың ішінде мемлекеттік орган қызметкерлері-1, бизнес өкілдері-5, медиа саласының өкілдері – 2, ҮЕҰ өкілдері-1

- **Қамқоршылық кеңес** мектеп-лицейдің стратегиясын анықтауда, ағымдық аналитика жұмысына ішкі процесіне белсенді араласып, бақылап отырады. Мектеп қызметін бағалау, қосымша білім беру мен ақылы қызмет көрсету, даму бағдарламасына өзгерістер енгізу мен барлық әлеуметтік жобалар мен іс-шараларға тұрақты түрде қатысады. Ата-аналар конференциясы, ата-ана сағаты, кері байланысқа арналған вебинарларға қатысып ұсыныстарын жіберіп отырады

- **Оқушылар парламентінің** мақсаты: мектептегі оқу үдерісін демократияландыру, оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту. Оқушылар үшін маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыру, оқушылардың пікірін ескере отыра ортақ мәселелерді шешу.

«Экология», «Азамат», «Білім», «Руханият» фракциялары құрылды. Әр фракцияның ай сайын жоспары құрылып, іс -шаралар белсенді араласады.

- **Консалтингтік топ.**

***Мақсаты:*** Мектеп-лицей қызметіне аналитикалық талдау жасау арқылы педагогикалық үдерісті жетілдіру.

Консалтингтік топқа магистрлер мен PhD докторанттар және әкімшілік мүшелері қамтылады.

- ✓ **1- бағыт. Білім сапасы.** Жылына 2рет білім сапасына аналитикалық талдау жасайды, дамыту және түзетуге ұсыныстар береді.
- ✓ **2- бағыт. Инклюзивтібілім беру.** Ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытудың тиімділігін бағалайды талдайды, ұсыныстар әзірлейді, қолдау көрсетеді, шетелден келген білім алушыларды оқыту үдерісінің тиімділігін бағалайды, талдайды, ұсыныстар әзрлейді, қолдаукөрсетеді.
- ✓ **3- бағыт. Билингвалдыоқыту.** Жаратылыстану бағытындағы пәндердің ағылшын тілінде оқытылу деңгейін бағалайды, талдайды, ұсыныстар әзірлейді, қолдау көрсетеді.
- ✓ **4- бағыт. Стейкхолдерлерден керібайланыс.** Ата-аналармен,серіктестермен керібайланыс ұйымдастырады. Мектеп-лицей қызметіне сыртқы бағалауды ұйымдастырады, керібайланыс және бағалау деректері негізінде ұсыныстар береді.
- ✓ **5- бағыт. Оқушы мен мұғалім үні.** Оқушылармен және мұғалімдермен керібайланыс ұйымдастырады. Мектеп-лицей қызметіне ішкі бағалауды ұйымдастырады, керібайланыс және бағалау деректері негізінд еұсыныстар береді.

- **Зерттеу топтары.**

  ***Мақсаты:***Сабақты зерттеу арқылы оқу мен оқытуды жақсарту.

  - ✓ Lesson Study топтарының саны –23 (2016-2017 о.ж.-2, 2017-2018 о.ж.-6, 2018-2019 о.ж. -12, 2019-2020 о.ж.-17, 2020-2021 о.ж. -23, 2021-2022 о.ж. - 23)
  - ✓ Lesson Study-ге қамтылғандар саны -160 мұғалім (2016-2017 о.ж.-9, 2017-2018 о.ж.-27, 2018-2019 о.ж. -61, 2019-2020 о.ж.-118, 2020-2021 о.ж. -168,2021-2022 о.ж. - 174)

Әр топтың өзінің зерттеу сұрағы мен супервайзерлері бар. Супервайзерлер бірінші және екінші деңгейлі педагогтардан құралған. Lesson Study2016 жылдан бері жүйелі түрде іске асырылуда және жыл сайын аясы кеңейтілуде.

## I. Мектеп қызметінің ағымдағы жағдайына қысқаша сипаттама.

Ұлттық білім беру деректер қорының (*ҰБДҚ*) 2022 жылғы 30 желтоқсандағы ақпаратына сәйкес 2022-2023 оқу жылының ІІ тоқсанын **2338** оқушымен аяқтадық. **Олардың ішінде:**
•бастауыш білім деңгейі (1-4 сыныптар) – 860;
•негізгі орта білім деңгейі (5-9 сыныптар) – 1155;
•жалпы орта білім деңгейі (10-11 сыныптар) –323;

2021-2022 оқу жылының ІІ тоқсанындағы оқушылар санымен салыстырғанда **316** оқушыға қысқарған.




2-11 сыныптар бойынша білім сапасы өткен оқу жылымен салыстырғанда 4,4 пайызға өскен.

Оқушы, мұғалім және ата-ана үніне, қоғамдық сұранысқа сай «Бақытты мектеп» концепциясы жасалып, «Жан шуағы», «Экомектеп», «Spinner», «Жас кәсіпкер», «Ғылым.Таным.Техника.» жобалары іске асырылуда. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының бастамасымен «Апта оқушысы», «Түлектер аллеясы», «Анти Х», «Ұлылар мекеніне саяхат», «Мега МИ», «Kitapland», «Тіл сақшысы» жобалары іске асырылуда.

Мектеп-лицей өміріне ата-аналардың қатысуын белсендіру үшін түрлі бірлескен шаралар мен ашық есік күндері жүйелі өткізіледі. Мұғалім мен ата-ананың бетпе-бет кездесуін ұйымдастыру үшін тоқсан сайын ата-аналар конференциясы, саналы, тәрбиелі тұлға қалыптастыру үшін тәрбие сағаттарын өткізуге бағытталған ата-ана сағаты, ата-аналармен тақырыптық кездесулер ұйымдастырылуда. 2017 жылы ҚР Орталық сайлау комиссиясының «Мектеп Президентін сайлау» пилоттық жобасын табысты іске асырдық. Аталған жоба келешекте республика көлемінде таратылады деп күтілуде.

Кез келген мәдени қоғам үшін басты міндет – жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеу. Дені сау, алдына мақсат қоя білетін, саналы, рухани бай және адамгершілік қасиетке ие тұлғаны тәрбиелеу – мемлекеттің орнықты қалыптасуының және оның болашақта бейбіт дамуының аса маңызды кепілі. Мектептің тәрбие бөлімі 8 бағыт бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Істер номенклатурасы бойынша тәрбие бөліміне 14 құжат бекітілген. Әлихан Бөкейхан мектебіндегі тәрбие жұмысының мақсаты: мәдени қоғам үшін басты міндет – жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеу. Бойына ұлттық құндылықтарды сіңірген, дені сау, алдына мақсат қоя білетін, саналы, рухани бай және адамгершілік қасиетке ие тұлғаны тәрбиелеу – мемлекеттің орнықты қалыптасуының және оның болашақта бейбіт дамуының аса маңызды кепілі.

Мектепте атқарылған әр іс-шаралар: оқыту дәрісі, тренинг, дөңгелек үстел, сынып сағаты, кездесу, пікір-сайыс, TEDx, READx, көрме, сайыс, сынып бұрышы, конференция, workshop, флешмоб, әскери-патриоттық көрсетілім қойылымдары, турнир, кинотайм, мұражайға саяхат, науқан, сауалнама, спартакияда форматтарында өтіп жатыр.

**Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты** бойынша 32 іс-шара өткізілді: 7 сынып сағаты; 9 кездесу, 3 масшатбты флешмоб; 2 науқан; 3 «Әлихан мұрагерлері» дебат клубының ішкі және сыртқы жарыстары және тілдер мерекесіне ұымдастырылған іс-шаралардың барлығында мектеп оқушылары түгел қамтылды. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбие беру мақсатында:

1. «Елін сүйген ерлер жолы – өнеге» атты патриоттық рухтағы кездезуге қол күрестен Қазақстан және Азия чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Тимур Спатаев пен Ironman Темір адам кәсіби спортшы Молдабаев Берік Тұрарұлы келіп, 6-7 сыныптарға үлгі-өнеге бола білді.
2. Тәуелсіздік күні қарсаңында ұйымдастырылған «Тәуелсіздік –тарихтың төл тартуы» кеште оқушылар мен ата-әжелердің хоры ән шырқап, әкелі-балалы жұп жүргізуші болды.
3. «Жайна Қазақстан!» атты мектепішілік флешмобқа 1-9 сынып оқушылары түгел қатысты.

Құқықтық тәрбие беру мақсатында оқушылармен жүйелі түрде Астана қаласының Полиция Департаментінің Есіл аудандық ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция қызметкерлерімен кездесуле ұйымдастырылады. Сонымен қатар Полиция департаментінің де ғимаратына оқушыларымыз ұлттық-патриоттық рухтағы кездесулерге барады. Құқықтық тәрбие беруде оқушылардың зорлық-зомбылыққа төзбеу қағидасын қалыптастырып, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тең дәрежеде білім, қарым-қатынас алуына, құқықтарының тапталмауын алға тарта отырып, түрлі жарыстарға қамтылуына үлкен мән беріледі және толерантты, адами құндылықтары жоғары тұлға қалыптастыруға бағытталған жұмыстар атқарылады. Жыл басынан бері электрондық темекіге қарсы рейдтер өткізу жұмыстары да баршылық.

**Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты** бойынша қыз балалар мен ұл балаларға жеке жиналыстар өткізіліп, қыздардың қол-өнерде белсенділік танытуына «Қыз бала –ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты жобалары қарастырылған. «Қарты бардың - қазынасы бар» қарттар мерекесіне орай ардагер ұстаздарға жас мамандардың, «Ұстазға құрмет – шәкірттік ізет» атты ұстаздар күні мерекесіне бейне құттықтаулар мен мектептің өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама өткізілді. Сонымен қатар оқушылардың рухани ресурстарын дұрыс ақпаратпен қанықтыру үшін сыныппен кинотаймдар, театрға, мұражайларға бару, құндылықтар жобасы аясында «Жанында жүр жақсы адам» атты кездесу жұмыстары ай сайын әр ай

құндылығына сәйкес жоспарға енгізілген. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектептің kitapland аймағында бастауыш буын оқушылары role play, book trailer, book crossing форматтарында ертегілер еліне саяхат жасап қатысса, орта және жоғары буын оқыған кітаптарын REDx форматында «Мен оқыған бір кітап.....» атты оқушылар конференциясына белсенді түрде қатысып, білген-түйгендерімен бөліседі, бір-біріне кеңес береді, мектептің әр түрлі жанрдағы кітаптарды оқитын оқушылар санының өсуіне ықпал етеді. 1 жартыжылдықта 1-8 сыныптар қамтылды, екінші жартыжылдықта 9-11 сыныптар жоспарлы түрде REDx форматында жұмыстарын жалғастырады. Кітапты оқып, талдау тек оқушылар арасында ғана емес, мұғалімдер мен ата-аналар арасында кең тараған, ол «76-ның 76 кітабы», «Кітап пирамидасы» атты челленджлер, мектептегі зерттеу топтарының зерттеу әдебиеттеріне шолу арқылы жүзеге асады.

Оқушыларға сауатты діни көзқарас қалыптастыру мақсатында, діни экстремистік мазмұндағы ағымдардың жетегінде кетпеуінің алдын алу үшін Астана қаласы әкімдігінің діндерді зерттеу орталығының ақпараттық түсіндіру мамандарымен кездесу ұйымдастырылды. Діни атрибуттары бар оқушылардың ата-аналарын шақыртып, жабық форматта түсіндіру жұмыстары да жүргізілді.

**Ұлттық тәрбие бағыты** бойынша мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін жаңғырту; атаулы даталарға, Тәуелсіздік күніне сәйкес тақырыптық сынып сағаттары, зияткерлік сайыстар ұйымдастырылды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатымен қараша айы – «Ұлтжандылық» айында оқушыларымыз ұлттық атрибуты бар киімдер киіп (қамзол, тақия, шашбау..) дене шынықтыру сабақтарында ұлттық ойындарды ойнауға үлкен мән берілді. Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Жайна Қазақстан!» атты ән-би шеруінде патриоттық ән айтып, би билеуге оқушылардың басым көпшілігі ұлттық киімдерде немесе бірыңғай оюы бар киім үлгілерінде өнер көрсетті. Бұл іс-шараға мектептің 1-9 сынып оқушылары қамтылды.

**Отбасылық тәрбие бағыты** бойынша мектеп отбасының, жұртшылықтың ынтымақтастығына тікелеу басшылық ететін бірден бір орган болғандық ата-аналар жиналысын, ата-аналар конференциясын, ашық есік күндерін, ата-аналарға педагогикалық-психологиялық білім беруде, әдістемелік көмек көрсетуде барынша жұмыс жүргізіп келеді. Ата-аналарға қатысты іс-шаралардың барлығы құндылықтарға бағытталған білім беру жобасы негізінде өткізіледі. Ата-аналармен жұмыс: жиналыстар - «Баланың мектепке бейімделуінде отбасы рөлі» 1 сынып ата-аналары үшін, «Құндылықтарға бағытталған мектеп әрекеті-саналы ұрпақ қалыптастыру жолы», «Оқушы – мұғалім – ата-ана» үштік одағының функциясы тақырыптарында; конференциялар – «Ұлттық құндылықтарға бағытталған ата-аналар», «Parent time»; педагогикалық-психологиялық білім беру - «Барлық тәрбие- өзін-өзі тәрбиелеу», құрмет құндылығы, «Баланды өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» ұлтжандылық құндылығы, «Жауапкершілік-жетістікке жеткізеді»; «Менің отбасылық құндылықтарым» атты оқушылардың бейнероликтер әзірлеуі, тағы осы сияқты бірқатар іс-шаралар, отбасылық спорттық жарыстар оқушы мен ата-ананың байланысын күшейте отырып, мектеп пен қоғамның ортасына сенімге негізделген алтын көпір салуға бағытталған. Әдістемелік көмектің барлығы ата-аналарға сынып жетекшілер тренингтер арқылы береді.

**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты** бойынша мектепте еңбекке деген оң көзқарас қалыптастыру мақсатында сынып сағаттары жүргізілді. Жолда жүру ережелерін қатаң сақтауға «Абайлаңдар, балалар!» атты жоспарға сәйкес Есіл аудандық ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция капитандары А.Д.Мадмарова, Г.К.Ахметоваларман жүйелі түрде бастауыш сыныптарымен кездесулер ұйымдастырылды. "ПЕШЕХОДНЫЙ ПЕРЕХОД" акциясы бойынша жол патрульдік полиция қызметкерлері 1-сынып оқушыларын бағдаршамға апарып, жолдан өту, жүру ережелерін тәжірибеде көрсетіп, түсіндірме жұмысын жүргізді. Кәсіби бағдар

беру жұмысы аясында: ата-аналардың балаларына кәсіби бағдар берудегі үлесі бойынша сауалнама алынды; педагог-психологтар «Емтиханға психологиялық дайындық» тақырыбында тренинг жүргізді; «Іскерлік қарым-қатынас этикасы» тақырыбында; 9-сыныптарға кәсіби бағдар беру сағаттары жоспарлы түрде жүрді. Оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыру мақсатымен «ЭкоАсар» жобасы аясында «76 BOTTLES» науқаны ұйымдастырылды.

**Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты** бойынша Әлихан мұрагерлері көптеген зияткерлік сайыстарға қатысып, өз қабілеттерін дамытуға жағдай жасалған. Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «76 BOLASHAK» қабырға газетімен қоса инстаграмм әлеуметтік желісінде аттас аккаунт «Bolashak-pen Talkike» подкаст, «Сұхбат аясы», «Photobooth», «Ашық микрофон» атты жобаларымен жұмысын жүргізеді. Сонымен қатар мектептің өзін өзі басқару ұйымы әлеуметтік желіде мектепте атқарылып жатқан іс-шаралармен қоғамды ақпараттандырып отырады. Кез келген ақпаратты таратқанда оқушылар актуалды, сауатты әрі оқушылар арасында қызықты контенттер беруге тырысады.

